

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 137 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовке 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 3

н а у р ы з д а ғ ы

№

1 3 7

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының

объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалдау туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң Ү к і м е т і

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағына
орналасқан 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік
алаңдарын жалдау туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 18-бабын басшылыққа ала
о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Шарттың 4-бабының бірінші бөлігіндегі «2005 жылғы 1 қаңтардан бастап 4,454 млн
. АҚШ долларына баламалы соманы құрайды» деген сөздер «2016 жылғы 1 қаңтардан
бастап 3,081 млн. АҚШ долларына баламалы соманы құрайды» деген сөздермен
ауыстырылсын.

2-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындайтын барлық
даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар өзара консультациялар және келіссөздер
а р қ ы л ы ш е ш е д і .

Тараптардың бірінде бірлесіп шешуді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы
Тарап келіссөздер басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей бұл туралы екінші Тарапты
ж а з б а ш а х а б а р д а р е т е д і .

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді
Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар
арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

2015 жылғы « » қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада
жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін